

БҮГІНГІ ЗАМАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ СИПАТЫ

¹Д. Мәсімханұлы, ²А. Әбиденқызы

АННОТАЦИЯ

Мәдениет - адамзат өзінің өсіп-өнуі, дамуы үшін жасаған ортақ өндірісі және тіршілік күресі барысында жаратқан, жасампаздық сипаты мен өзіндік мән-мазмұны бар әлеуметтік құбылыс. Бір түрлі әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәдениет белгілі бір ұлт мүшелерінің ортақ тірлігі, ортақ күресі барысында жасалып, дамып, байып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтар жүйесі. Мақалада осы аталмыш құндылықтар қазақ халқының мәдениетінде қалай көрініс бергендігі жайлы және бүгінгі таңдағы ерекше сипатына тоқталамыз. Біз ең әуелі ұлттық-рухани мәдениетіміздің сыр-сипатын дұрыс саралап, айқын танып алуды бірінші кезекке қоюға тиіспіз. Қазақ қоғамы үздіксіз даму үстінде болды, қазіргі таңда да кемелденіп дамуды қажет етеді. Әрбір кезеңдегі даму саяси-әлеуметтік жағдайлармен байланысты мәдениетке де өзіндік әсерін тигізді. Бұл мақалада қазақ мәдениетінің ерекшелігінің қалыптасу барысы мен себептері қарастырылады. Сонымен қоса, қазақ мәдениетінде бой көрсеткен мәдени артықшылықтары мен кейбір мешеу тұстары да ашып көрсетіледі. Қазақ мәдениетінің кешегісі мен бүгінгі таразыға түсіп, мәдениеттің озығы мен тозығы жайлы сөз қозғалады. Қосалқы мәдениет ретінде қалып қойған мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді де қарастырып, бір дәуірдің қойнауында қалып қойғандығының себебін ашып көрсетеді. Қазақ мәдениетінің идеялық мазмұны мен көзқарасының қалыптасуы да басты назарға алынды. Жас ұрпақты патриотизмге жетелейтін ұлттық сана мен ұлттық құндылықтар жиынтығы жүйеленіп, басты артықшылықтары ұсынылды. Қазақ мәдениетін қолдау мен дамытудағы талдаулар мәдени дүниетаным мен қазақ мәдениетінің танымдық көкжиегін кеңейтуге жасалған маңызды қадам.

Түйін сөздер: мәдениет, таным, қоғам, дәстүр, мәдени құндылық, рухани мәдениет, материалдық мәдениет.

¹Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты

²Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті

Автор-корреспондент:
А. Әбиденқызы,
ainurbai-67@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Мәсімханұлы Д.,
Әбиденқызы А. Бүгінгі
заман және қазақ
мәдениетінің сипаты //
Адам әлемі. – 2021.
– No. 4 (90). – Б. 31-42.

Современность и характер казахской культуры

Аннотация. Культура - это социальное явление творческой природы и сущности, созданное человечеством в процессе совместного производства и борьбы за выживание, созданное для его роста и развития. Культура как разновидность социального явления - это система ценностей, созданная, развивающаяся, обогащенная и передаваемая из поколения в поколение в ходе совместной жизни и совместной борьбы представителей определенной нации. В статье мы сосредоточимся на том, как эти ценности отражаются в культуре

казахского народа и его уникальном характере сегодня. Прежде всего, мы должны сделать упор на правильный анализ и четкое осознание природы нашей национальной и духовной культуры. Казахстанское общество постоянно развивается и все еще нуждается в развитии. Развитие каждого периода имело свое влияние на культуру, связанную с политической и социальной ситуацией. В статье рассматривается процесс и причины формирования особенностей казахской культуры. Кроме того, будут раскрыты культурные достоинства и недостатки казахской культуры. Взвешивая прошлое и настоящее казахской культуры, мы говорим о прогрессе и износе культуры. Также рассматриваются культурные ценности и традиции, сохранившиеся как субкультура, и раскрываются причины, по которым они остались в глубине одной эпохи. Также учитывалось формирование идейного содержания и взглядов казахской культуры. Систематизирован комплекс национального сознания и национальных ценностей, ведущих к патриотизму подрастающее поколение, и представлены основные преимущества. Анализ поддержки и развития казахской культуры - важный шаг в расширении культурного мировоззрения и познавательных горизонтов казахской культуры.

Ключевые слова: культура, познание, общество, традиция, культурная ценность, духовная культура, материальная культура.

Modernity and the Nature of the Kazakh Culture

Abstract. Culture is a social phenomenon of creative nature and essence, created by human beings in the process of co-production and struggle for survival, created for its growth and development. Culture as the diversity of social phenomena is a system of values, created, developed, enriched and passed down from generation to generation in the course of joint life and joint struggle of representatives of a certain nation. In this article we will focus on how these values are reflected in the culture of the Kazakh people and its unique character today. First of all, we must strive for the right analysis and a clear understanding of the nature of our national and spiritual culture. Kazakhstani society is constantly evolving and everything still needs to be developed. The development of each period had its influence on culture, related to the political and social situation. The article considers the process and reasons for the formation of the peculiarities of Kazakh culture. Besides, there will be revelations of cultural merits and shortcomings of Kazakh culture. Weighing past and present Kazakh culture, we talk about the progress and wear of culture. Cultural values and traditions, preserved as a subculture, are also considered, and the reasons for which they remained in the depths of one epoch. The formation of ideological content and views of Kazakh culture was also studied. Systematized complex of national consciousness and national values, leading to patriotism of the growing generation, and presented the main advantages. Analysis of support and development of Kazakh culture - an important step in the expansion of cultural worldviews and cognitive horizons of Kazakh culture.

Keywords: Culture, Knowledge, Society, Tradition, Cultural Value, Spiritual Culture, Material Culture.

Кіріспе

Жалпы қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен дүниетанымы қазақ хандығы жойылып, Ресейге бодан болған кезімізден бастап бүліне бастаған. Оған себеп, Ресейге бодан болған күннен бастап қазақ даласының дәстүрлі, төлтума басқару жүйесі мен дәстүрлі құқықтық нормалары мансұқтала бастады. Бұл өз кезегінде ұлттың жандүниесін өзгертуге әкеліп соқты. Өйткені ілкідегі

«қазақ хандары өздері билік жасаған тұста, дәстүрлі құқықтық жүйені бейбіт өмір мен тыныштықты қалаушы, адамгершілік-ағайынгершілік дәстүр, рухани-өнегелі, әскери-жауынгерлік рухпен толықтырды. Қазақ хандарының басқаруымен одан әрі жетілдірілген әдет-ғұрып заңдары дәстүрлі құқықтық жүйенің негізін байыта түскені» [1, 224 б.] белгілі. Ал Ресей отаршылдығына көшкеннен кейін осы дәстүрлі құқықтық жүйе бұзылды. Тіпті тұптамырымен

өзгерді. Міне осы дәстүрлі құқықтық жүйенің өзгеруі қазақ халқының өмір сүру дағдысына бетбұрыс жасады. Қазақ қоғамындағы өндірістік қатынастар ғана емес, тұтас менталитет, мінез, тұрмыс-салт өзгеріске ұшырады. Уақыт оза келе біздің көптеген ұғымдарымыз өз болмысымыз бен тарихи санамызға қайшы болса да «батыстық» сипатта қалыптасып кетті.

Мәселен, «таяу шығыс», «орта шығыс», «қиыр шығыс» деген ұғымдар батыс елдерінің орналасқан жері тұрғысынан қалыптасқан түсініктер. Ал біз өзіміз шығыстық ел бола тұра әлгі ұғымдарды қаз-қалпында қолданамыз. Бұған ешкім екіленбейді де, таңданбайды да. Құдды сол секілді, біз өмір сүріп отырған ғаламды құрайтын екі координаттың өзін (кеңістік, бойлық) батысша танып, батысша бағалауға дағдыланып кеткеніміз сонша, олар туралы өз пікіріміз, өз пайымымыз, тіпті жоқтың қасы. Ендеше біз қаншама жылдар евроцентристік танымның аясында өмір сүріп келген ел екенімізді несің жасырайық?! Сол баяғы «жұрт айтса болды, көп айтса көндімен» әлі келеміз. Біздің бұл пікірімізді этнограф-ғалым, профессор А.Сейдімбек марқұмның: «Осы уақытқа дейінгі қазақ халқының тарихи зердесін, негізінен әрісі еуроөзімшілдік (евроцентристік), берісі совет заманындағы тоталитарлық жүйенің мүддесі тұрғысынан жазылған еңбектер қалыптастырды. Бүгінгі ұрпақ сол таным-талғамнан тәрбие алып өскен. Қазіргі жер басып жүрген қазақтар Батыстан Шығысқа аттанғандардың бәрін ұлы қолбасшылар ретінде танып, олардың үрім-бұтақ зәузатына дейін жаттап өсті. Ал шығыстан Батысқа қарай жорық жасағандар шетінен жабайылар, қанішерлер ретінде ұрпақтар санасына сіңірілді» [2, б. 6.] деген пікірі де толықтай қуаттайды.

Шынтуайтында, кешеден бүгінге, бүгіннен ертеңге көсіле жөңкіп жатқан уақыт керуені кеңістік үшін бір ғана координат болғанымен, оның өзі ерекше

күрделі ұғым. Олай дейтініміз - «уақыт, заман, мезгіл» дейтін ұғымдардың ішінде қамтылып жататын «кеше, бүгін, болашақ» деген құбылыстар ешқашан да жеке-дара, бөлек-бөлек өмір сүретін, қатып-семген нәрселер емес, керісінше бір-бірімен байланыса өмір сүретін, бірін-бірі толықтырып отыратын өріс. Атап айтқанда «бүгін» үшін «кеше» мүлде өтіп кеткен құбылыс емес, яғни «кешенің» өзені бүгіннің арнасында ағып жатыр. Сондықтан ол бүгіннің алпыс екі тамырында бүлк-бүлк соғып, оның дамуын реттеп отырады. Сол сияқты «болашақ» дейтін құбылыс та аспаннан түспейді, ол бүгіннің «бойында» пайда болып, бүгінді (әрі өткенді) өзіне тұғыр етеді. Демек, қашанғы, қандай жағдайдағы мезгілді алсаңыз да, оның тінінде «кеше, бүгін, ертең» дейтін құбылыстардың тұтас қамтылып жататынына көзжұмбаилық жасауға болмайды. Сол себепті алға бір адым аттаған қоғам, тек қазіргі жағдайды ғана безбендеумен шектелмей, болашақты да көрегендікпен бағамдай білуі және кешегі тарих пен дәстүрді де сараптап отыруы керек болады. Осы тұрғыдан алғанда «уақыт» деген ұғымның өзі жалаң бір бағытпен сызылған түзу координат емес, үш катпарлы, күрделі құбылыс екендігіне көз жеткіземіз.

Мақсаты, міндеті:

Осындай танымды тұғыр ете отырып, бүгінгі қазақ мәдениеті жөніндегі түрлі пайымдауларға назар аударатын болсақ, оның өзі бүгінгі қазақ халқының нақтылы жағдайымен іліктесіп жатқанын аңғару қиын емес. Жұртқа мәлім, қазақ халқы бүгіннің өзінде де аса күрделі тарихи бетбұрыс кезеңінде (немесе айтылмыш «өтпелі») тұр. Егер осы бетбұрыс кезеңін тәуелсіздік алған тұстан басталды десек, оған бүгінде отыз жылдың жүзі болып қалды. Һәм бұл кезеңнің әрі қарай қаншаға созылатыны туралы бірдеңе деу қиын. «Тәуелсіздік» атты теңдессіз қуанышты, шексіз бақытты есепке алмағанда, бұл бетбұрыс кезеңінің қиындығынан,

жолының бұралаңдығынан, салмағының ауырлығынан қажыған жұрт кейде: «Біз қандай жолмен жүріп келеміз?», «қайда бара жатырмыз?» деп, кейде: «біз қайдан келдік?», «Біздің арқалап жүргеніміз қандай дәстүр?», «Ол дәстүрді ертеңге қалай жеткіземіз?» деп өз-өзіне жиі сұрақ қоятын болды. Қысқасы, өткенді дұрыс тану бүгінді дұрыс түсінуге, бүгінді дұрыс түсіну ертеңді кемел бағамдауға септігін тигізеді десек, ол үшін қай кезде де ұлттың мәдениетін оның өмір сүріп отырған кезеңімен қоса, кешесімен, ертеңімен байланыстыра қараудың маңызы ерекше.

Қазіргі кезеңде қазақ елінде жүріп жатқан тәуелсіз, демократиялы мемлекет құру, экономиканы нарықтық қатынастарға көшіру саясаты һәм осынау бетбұрыс арқалай келген барлық жаңа құбылыстар осында өмір сүріп жатқан қазақ халқының әрбір өкілін бейтарап қалдырған жоқ. Оның басты белгісін бүгінгі қазақ мәдениетінің түрлі категориялары бейнелеген жаңалықтар мен өзгерістерден аңғаруға болады. Атап айтқанда, бүгінгі қазақ халқы өкілдерінің құн көзқарасындағы, сауда-тауар ұғымындағы, өндірістік қатынастар танымындағы бұрылыстар, дәстүрлі мәдениет пен жаңа өркениеттің тоғысу барысы тудырған әр адамның жан дүниесіндегі өзгерістер айтылған жайдың айқын айғағы. Ал осы мәселе төңірегінде өрбіп жүрген таным-таласын үш түрге жіктеуге болар еді. Оның бірі - халқымыздың дәстүрлі мәдениетін бүкілдей жоққа шығарып, «жаңа әрі әлемдік» мәдениетті қотарып ала салуды дәріптеушілер; енді бірі - ұлттық, дәстүрлі мәдениетті ғана берік ұстанып, әлемдік өркениет пен өзге мәдениетті сыпыра жоққа шығарушылар; тағы бірі - халқымыздың дәстүрлі мәдениетіндегі озық үлгілерді жандандырып, толықтап, өркендетіп, ондағы заман талабына жауап бере алмайтын мешеу, қасаң (отсталый) құбылыстарды тәркілеу, сонымен бір уақытта, халқымыздың өркениетке жетуіне, мәдениетінің баюы мен

әлемдік дамуына септігін тигізетін өзге мәдени құбылыстарды да жатсынбай қабылдап отыру керек деген принципті ұстанушылар. Міне, бұл ұстанымдарды ақыл таразысына салып, есті зерденің елегінен өткізіп көретін болсақ, соңғы танымды ұстанушылардың пікірі тарихи дамудың табиғи заңымен үйлесім табатындығы аңғарылады. Ал бірінші пікірді ұстанушылардікі мәңгірттіктен бастау алған нигилистік пікір. Екінші көзқарасты құптаушылардың туған халқына деген сүйіспеншіліктен бастау алған патриоттық сезімін құптауға болғанымен, «жеке-дара өмір сүру» деген консервативті ұстанымдарын мақұлдау қиын. Осы жайлардың бәрін саралай, таразылай келе мына бір шындыққа көзімізді жеткізу қиынға соқпайтын сияқты, ол - біздің мәдениет жөніндегі ұғымымыздың тайыздығы десек, еш қателеспейміз. Олай болса біз ең әуелі мәдениет жөніндегі ұғымды айқындап алсақ, оның еш артықтығы бола қоймас.

Қарастырылып отырған сұрақтың тап-рихы:

Ендеше мәдениет деген не?

Бір түрлі әлеуметтік құбылыс ретіндегі мәдениет белгілі бір ұлт мүшелерінің ортақ тірлігі, ортақ күресі барысында жасалып, дамып, байып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан құндылықтар жүйесі. Яғни, мәдениет дегеніміз - адамзат өзінің өсіп-өнуі, дамуы үшін жасаған ортақ өндірісі және тіршілік күресі барысында жаратқан, жасампаздық сипаты мен өзіндік мән-мазмұны бар әлеуметтік құбылыс. Адамзат қоғамының басты белгісі, ең негізгі символы болып саналатын мәдениет - тек адам баласының жеке туындысы. Оның адам баласы тарапынан жарыққа шығып, дамып жалғасып келе жатқандығына былай да көз жетеді. Керек болса, ол туралы қазба да, жазба да деректер жеткілікті. Демек, мәдениет адамзат қоғамында бейнеленген барлық тіршілік қимылдарының (рухани, материалдық) жалпылама атауы. Сон-

дыктан да әлемдегі адам баласының ой еңбегі мен дене еңбегінің туындылары түгелдей мәдениеттік құбылысқа жатады. Ал адамзаттың ақыл-парасатынсыз, еңбегінсіз өмір сүретін, адамзаттың «қолы тимеген» заттар мен құбылыстар – жаратылыстық құбылыстар немесе табиғат дүниесі деп аталады [3, 14 б.]. Адамзат мейлі қай қоғамда жасасын, оның тудырған құбылыстарының бәріде бүкілдей әлеуметтік мәдениет есебіне жататындықтан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, таралып, байып, дамып отырады. Бұл реттен келгенде қоғамсыз мәдениет те, мәдениетсіз қоғам да болмайды.

Мәдениетті қазір рухани мәдениет және материалдық мәдениет деп екі үлкен топқа бөліп жүр. Материалдық мәдениет дегеніміз - адам қолымен жасалған, белгілі тұтыну құнына ие нақтылы заттар. Мұның ішінде жаратылыстық ортаның қажетімен өмірге келгендері – киім-кешек, үй-жай, қатынас-тасымал құралдары т.б. Әлеуметтік қажеттіліктен туғандары газет-журнал, баспа, радио-телевидение, музейлер, кітапханалар, мемлекет туы, ел таңбасы, оқу орындары, сан алуан үй жиһаздары, өндіріс саймандары т. б. лар. Ал рухани мәдениет адамның ақыл-ой, білім-парасатымен жасалған абстракт құбылыстарды көрсетеді. Мәселен, жаратылыс әлеміне бағытталып жасалған химия, физика, астрономия, медицина, геология, зоология т. б. да теориялық ілімдер. Әлеуметтік өмірден туындағандары - неке салттары, өлім-жітім, той-томалақ, тілдік өнерлер және басқада сан алуан салт-сана, әлеуметтік этикалық нормалар, әдет-ғұрыптық заң-жосындар.

Бұлардан тыс, айта кетуге тиісті тағы бір жағдай, ұқсас бір қоғамның өзінде де ұқсамаған мәдениеттік құбылыстар өмір сүре береді. Осы себептерге орай, мәдениет негізгі және тармақ салаларға бөлінеді. Ал осындағы мәдениеттің барлық тармақ саласын социология мен мәдениеттану ғылымы қосалқы мәдениет деп те атайды.

Қосалқы мәдениет - тек бір ұлттың немесе бір өңірдің өзіндік дәстүрлі ерекшелігіне ие әрі сол дәуірдегі заман талабымен сай келе бермейтін мәдениет құбылыстары. Мұндай мәдениеттің өзін де мәдениеттану ғылымы екі үлкен топқа бөліп қарастырады. Оның бірі - жаңа тапқырлықтар мен тың танымдар жүйесі болып табылады. Олар көбіне-көп прогрессивтік сипатқа ие болып келеді. Сондықтан бұлардың өзі бұрынғы дәстүрлі мәдениетпен немесе сол дәуірдегі әлеуметтік өмір талабымен бірден үйлесім таба қоймай, басты, арналық мәдениетпен бағыттаса, қолдаса келіп, қосалқы мәдениет есебіне жығылады. Екінші бірі - қоғамда өмір сүріп отырған, заман талабына, дәуір рухына сай келе бермейтін, керісінше дамуға кедергі келтіретін құбылыстар. Сол себепті мәдениеттанушылар тек тұлғалық, негізгі мәдени құбылыстарды ғана зерттеумен шектелмей, қосымша тармақ мәдениетті де зерттейді. Әрі зерттеу барысында ашылған тың немесе ерекше жайларға да баса назар аударады.

Зерттеу әдістері

Мәдениетті адам баласы жаратады. Ал мәдениет қайта айналып келіп адамзатты жаңартады, өзгертеді. Жоғарыда айтқан «мәдениетсіз қоғам, қоғамсыз мәдениет болмайды» деген пікіріміздің өзі осы принциптен бастау алып отыр. Демек, белгілі бір қоғамда өмір сүріп отырған адам сол қоғамның мәдениетінен бейтарап, тысқары күн кеше алмайды, ол ең кем дегенде өз өмірінде жатып-тұру, киіну, ішіп-жеу, некелену, үй ұстау т. б. секілді әдеттегі өндірістік қатынастың бәрінде де өзі жасап отырған қоғамның мәдениетінен тысқары қала алмайды. Сондықтан мәдениеттің белгілі бір қоғамға тигізер ықпал-әсерін мына бірнеше жақтан айқын көруге болады.

1) Мәдениет ең әуелі адамдардың жаратылысты тануы мен өзгертуіне ықпал

жасайтындықтан, ол (мәдениет) дамып, байыған сайын қоғам мүшелерінің жаратылыстық дүниені тану қабілеті өсіп, табиғатты ашу мен пайдалану өресі арта түседі. Міне, бұның өзі адамдардың табиғатқа болған тәуелділік хәм құлшылдық сезімінің, сондай-ақ табиғат алдындағы шарасыз күйінің кемігендігінен дерек береді. Атап айтқанда, бұл жағдай киіну, азық-түлік, жүріп-тұру секілді көптеген тараптар бойынша табиғатқа бүкілдей тәуелді немесе табиғат қолайына қарай жығылудан гөрі, көбірек озық техниканың өнімдерін тұтыну, табиғаттың дүлей күштерінен қорғану хәм оны бағындыруынан байқалады. Бүгінде алып мұхиттар, құзар шыңдар, құмайт шөлдер, асау өзендер адамзатқа бөгет болудан қалды. Сондай-ақ табиғат дүниесінің көптеген апаттары (су, дауыл, дерт-індет...) тізгінделді немесе азайды. Жыртқыш аңдармен құрт-құмырысқаның адамзатқа зиянкестігі жоқтың қасы болып қалды. Адамдардың табиғат дүниесі жөніндегі танымы өсіп, ғылымы мен техникасы шексіз дамығандықтан, бұрын табынып келген аспан денелерін, заттардың туу, даму, жоғалуын, тіршіліктің пайда болуы мен сақталуын терең де жүйелі түсінді. Ең бастысы жаратылыстық құбылыстардан пайдаланып игілік жарату үрдісі молайды. Мәселен, бұл ретте су, жел, күн нұры секілді табиғаттық заттар мен құбылыстардан шетсіз де шексіз энергия жасап, игілігімізге пайдаланып жатқанымызды айтсақ та жеткілікті. Дегенмен «адам қоршаған ортаны өзіне ыңғайлы тұраққа айналдыруға тырысқанымен, осы белсенділік көп жағдайда табиғатты күйзелтіп, құлдыратып жібергенін де» [4, 23 б.] естен шығармауға тиіспіз.

2) Мәдениет адамдардың тіршілік күйіне, өмір сүру формасына ықпалын тигізеді. Атап айтқанда «мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді» [4, 21 б.]. Адамдардың тамақтануы, киінуі, тұрар жайы, жатын орны, тіпті

өндірістік қатынастағы нәзік, ең болмашы түйіндерге дейін сол қоғамдағы мәдениеттің мәнеріне бағынады, соның шылауында болады. Тұрмыстағы ең қарапайым, ең болмашы психологиялық қарекет те, күнделікті физиологиялық ассимиляция мен диссимиляциялық қимылдар да мәдениеттің ықпалына ұшырап, соның деңгейінен дерек беріп жатады. Бір ауыз сөзбен айтқанда, адамзат қоғамның материалдық тірлігінен рухани тірлігінің ең ұсақ салаларына дейінгі барлық заттар мен құбылыстарына сол қоғамдағы мәдениеттің таңбасы айқын басылған болады.

3) Мәдениет байып, дамыған сайын қоғам гүлденіп, көркейе түседі. Мәдениеттің жоғарыдағы екі жақтылы ықпалының өзі қоғам дамуына қандай игі ықпал тигізетіндігін көрсетпей ме?! Әрине, қоғам дамуына ықпал жасайтын факторлар толып жатыр. Соның ішінде мәдениеттің рөлі қай елде, қай кезде болмасын ауызға көп алынатын жағдай екені құпия емес. Мәселен, мәдениеттің маңызды категорияларының (өркениет) бірінен саналатын оқу-ағарту, ғылым-технология саласының дамуы таяу заманғы адамзат қоғамының дамуына көрнекті ықпал еткендігін бәріміз жақсы білеміз.

Қорытып айтқанда, материалдық мәдениет адамдардың материалдық тұрмыс күйінің, тіршілік талабының қажеті бойынша туындаған материалдық дүниелер. Ал рухани мәдениет дегеніміз адамзаттың ақыл-парасаты мен рухани дамуының жауһары хәм адам жанының азығы.

Мәдениет өз ішінде материалдық, рухани деген екі үлкен салаға бөлінгенімен, негізінде ол (мәдениет) белгілі бір ұлттық (халық) шеңбердің аясында туылып дамиды. Демек, «адамзат мәдениеті» деген атау жер бетіндегі барлық халықтар мәдениетінің жиынтық аты. Олай болса «адамзат мәдениетінің» ішінде туған халқымыздың да мәдениеті бірге қамтылып жатыр деген сөз. Алайда «адамзат мәдениетінің» арасынан «қазақ

мәдениетін» қандай бөгенайларымен танып алуымызға немесе өзгелерге таныстыруымызға болады? Бұл мәселе біздің мәдениеттанушыларымызды әлі де қатты толғандыра қоймағаны жасырын емес.

Біз көбінде қазақ мәдениетінің ерекшелігі, сипаты туралы сөзді материалдық мәдениетіміздің қырсырын түсіндіруден әрі оздыра алмай келеміз. Әрине, ол да керек. Ал рухани мәдениетіміздің сипаты қандай деген мәселе біздің қалай ел болуымызды бағдарлап беретін өзек-тұғыр. Сондықтан біз ең әуелі ұлттық-рухани мәдениетіміздің сыр-сипатын дұрыс саралап, айқын танып алуды бірінші кезекке қоюға тиіспіз. Бұған кеңестік тоталитарлық жүйе кезіндегі жетпіс жылда империялық саясат ырық бермей келсе, тәуелсіздіктен кейінгі отыз жылда өзіміз аса мән бере қоймадық. Олай болса қазақ халқының ұлттық мәдениетінің сипаты, ерекшелігі қандай? Ендігі сөз осы төңіректе өрбиді.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті өзіндік пісіп-жетілген ұғымдық құбылыс ретінде адамзат мәдениетіндегі салиқалы дәуірін бағзы замандарда-ақ бастап кеткен. Әрине, бұл ретте өзге халықтар секілді сан ғасырлық даму, қорыту, жетілдіру, пайдалану арқылы қазақ халқы да бірте-бірте дербес, өзіндік ерекшелікке ие ұлттық мәдениетін қалыптастырып, дамытқанын атап айтқан орынды [5, 79 б.].

Қазақ халқының ұлттық дәстүрлі мәдениеті мал шаруашылығын кәсіп, көшпелі өмірді өзек еткен әлеуметтік ортаның топырағында туып, дамыған бір түрлі моральдық мәдениет. Қазақ мәдениетінің осы бір ерекшелігін, қасиетін толық танып, жете меңгергенімізде, мынадай екі түрлі бұлтартпас ақиқат алдымызға көлденендей береді. Әлемдегі іргелі де байырғы халықтардың бәрінің өз кезіндегі дәстүрлі мәдениеті дерлік өшкіндеп, жаңа мәдениеті (өркениеті) тез түлеп, жаңарып, жаңғырып жатқанда, тек қазақ халқының дәстүрлі

мәдениеті ғана өз ерекшелігінен, ішкі қасиетінен өміршеңдік тауып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, бүгінге келіп жетті. Бұл бір. Енді бірі - таяу замандарға дейін (ең кемінде ХХ ғасырдың 20-шы жылдарына дейін) тайпалық-рулық өндірістік қатынас негізінде, феодалдық жағдайда өмір сүріп келген қазақ халқы өзінің ежелгі, дәстүрлі мәдениетін берік ұстанып, оны аса қатты жаңғыртып-жаңаламай, сырттан қабылдап байытпай, мүлде томаға-тұйық күйде тұра бергендіктен, жалпы ұлтта тұлғалық жақтан бетбұрыс болмай, тек санаулы жеке адамдарда ғана серпіліс (ояну) болды [6, 376 б.]. Осыдан барып әлемдегі озық мәдениет бұлағы мен өркениет өзенінен кеш сусындауға (оның өзінде империялық саясатпен бұрмаланып жеткен) мәжбүр болды.

Нәтижелерін талқылау:

Ал әлемдік мәдениеттану ғылымы мен философия дәстүр мәселесі туралы сан алуан ұстаным ұсынып келе жатқанын білеміз. Бұл ретте біз, француз философы Р.Генонның «дәстүр» және «дәстүршілер» туралы көзқарасымен [7, 159 б.] толықтай келіспейтінімізді айта отырып, қазақ дәстүрлі мәдениеті туралы жоғарыда айтылған екі түрлі жағдайды басшылыққа ала отырып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіне талдау жасағанымызда, онда мұрагерлік етіп, жалғастыруға, дамытуға тұрарлық құнды қазыналар мен асыл қасиеттердің мол екендігін, сонымен бірге, бүгінгі заман талабына, дәуір рухына сай келмейтін күні өткен факторлар мен құнын жойған нысайлардың да бар екендігін атап айтқан орынды. Бізше, халқымыздың дәстүрлі мәдениетіндегі асыл қасиеттерді, құнды құбылыстарды мына түйіндерге жинақтауға болады:

Біріншіден, күшті өмір сүйгіштік, оптимистік рухқа ие. «Мың күндік жұмақтан бір күндік жарық артық» дейді қазақ мақалы. Осының өзі-ақ қазақ халқының өмірге деген ынтызарлық сезімінің, тіршілікке деген

сүйіспеншілігінің, оптимистік рухының жанды дәлелі. Қазақ мәдениетінің бұл ерекшелігінің қалыптасу барысы мен себептерін мына жақтардан қарастыруға болады: Өзге халықтармен салыстырғанда өткен дәуірлердегі діндердің ықпалы қазақ халқы арасында онша күшті бола қойған жоқ. Мұның өзі қазақ мәдениетінің мүлде, діни түс алып кетпеуіне, фанатикалық ойдың бел алып, ұлттық ой-қиялдың о дүниеге (жұмаққа) ғана байланып қалмауына мықты негіз қалап берді де, есесіне оның өмірге оптимистік таныммен қарауын күшейте түсті. Бұдан сырт қай кезде де қазақ халқының тарихындағы (Білге қаған, Тоныкөктерден бері қарайғы) көзі ашық, көңілі ояу - ұлы тұлғаларының бәрінде ғаламат бір «жапакештік» сана болды. Бұл сана бара-бара ұлттық мәдениеттің тұғырын биіктетіп, аспанын кеңейтетін, алға – ертеңге талпындыратын өскелең танымға ұласты. Себебі «ұлттық сана-сезім дегеннің өзі аспаннан түсе қалатын зат емес, керісінше ол әр түрлі факторлардың ықпал-әсерімен, сан алуан әлеуметтік ой-саналардың туындап, бірігіп, кірігуімен қалыптасады. Солардың ішіндегі ең бастысы ұлттық орта. Өйткені адам белгілі өзінің ұлттық ортасында өмірге келіп, сол қоғамдық ортада өсіп өнеді. Сөйтіп оған автоматты түрде ұлттық сана беріледі» [8, 187 б.]

Міне, осы ұлттық сана мен ұлттық таным жас ұрпақтардың жүрегіне ұялаған кезде елдің елдігін, өсіп-өнуін, ел мен жердің амандығын ойлайтын елдік патриотизм өмірге келді. Мұндай патриоттық сананың халық жүрегіне өмірге деген махаббат, тіршілікке деген ынтызарлық ұрығын себері ақиқат. Осынау ұлы даланы қазақ халқының ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен-ақ қорғап келгендігінің бір сыры, міне осында.

Екіншіден, қазақ мәдениеті бай ақлақи-моральдық қасиетке ие. Қазақ халқы бағзы дәуірлерден бастап, күні бүгінге дейін «өлімнен ұят күшті...», «малым жанымның садағасы, жаным

арымның садағасы» деп ар-намысты, ұят пен ақлақты бәрінен жоғары қойды. Қандай шаруа тындырсын, не туралы сөйлесін, бәрін ақлақтың безбеніне салып, бәріне мораль биігінен қарады. Демек, қазақ халқының өзіндік кісілік өмірінің, қоғамдық қарым-қатынасының өзге халықтармен салыстырғанда моральдық түсі қою, этикалық ерекшелігі басым болатыны содан. Сондықтан да қазақ дәстүрлі мәдениетінің басым бөлігі қай заманда болмасын өз құнын жоймай келеді.

Үшіншіден, ерекше өніп-өскіштік, өркендегіштік қасиетке ие. Қазақ халқының өте ертедегі дәстүрлі мәдениетінің бастаулары оның кейінгі мәдениетінің өркендеуіне жақсы негіз, берік ірге тас, сарқылмас күш-қуат болғаны жасырын емес. Олай болса тура осы пайымдаудың өзі-ақ қазақ мәдениетінің тым қатып-семген аса кертартпа, антипрогрессивтік мәдениет болмағандығын айғақтайды. Айтып-айтпай қазақ халқының мәдениеті өзінің әуелгі, дәстүрлі үлгілерінің негізінде туындап, байып, жаңғырып, дамып отырды. Оның бұндай белсенді қасиетін қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық шарт-жағдайы белгілеген. Мал шаруашылық тіршілік негізі, көшпелі өмір тірлік формасы болған қазақ халқы сол бір арнада, үздіксіз қайталанбалы түрде уақытты артқа сала бергендіктен, сол тіршілік формасының өзі табиғи түрде жаңаланып, жаңғырып отыруды сәт сайын талап ететін. Мәселен, жылдың төрт мезгілінің ауысуы отырықшы (қалалы) елге қарағанда, көшпелі халықтарда әрі өте айқын, әрі өте маңызды болудан сырт, мезгіл сайын жұрт жаңалап, көшіп-қонудың өзі адамдар санасын, жан-дүниесін жаңғыртып отыратын. Ал сана мен жандүниенің жаңғырып, жаңарып отыруы мәдениеттің түлеуіне мұрындық болатын бастыфактор болып есептеледі. Тағы бір себеп, қазақ халқы ежелден өмір сүріп келе жатқан ішкі құрылықтық орта, сыртқы әлемнен өзге мәдени құбылыстардың кіруіне ке-

ренау рөл ойнады да, амалсыз халықтың дәстүрлі мәдениеті өзіне, өзінің ішкі қуатына сүйеніп дамуға мәжбүр болды.

Төртіншіден, ашықтық, қабылдағыштық қасиеті басым. Кейбір оқымыстылардың аузынан «қазақта тап-таза ұлттық мәдениет жоқ, одан-бұдан құралған қойыртпақ мәдениет бар» деген сыңайдағы пікірлерді де естіп қаламыз. Бұл пікірдің негізсіз, теріс екендігін бірден кесіп айта отырып, оның жалпы сорабынан қазақ мәдениетінің сыртқа есігін ашық ұстайтын, өзге халықтардың озық мәдениетін жатсынбай қабылдайтын мәдениет екендігін аңғарамыз. Дүниежүзінде сырттан мәдениет қабылдамаған ұлт та, ел де жоқ. Бірақ қабылдаудың формасы, жолы түрліше болады. Әдетте өзге мәдениетті қабылдаудың зорлықты күш, үгіт-насихат, ерікті және қажеттілік... секілді жолдары бар. Қазақ халқының сырттан мәдени құбылыстар қабылдауы негізінен ерікті жағдайда болды. Оған соңғы ғасыр беделіндегі жүзеге асып жатқан киіну, жүріп-тұру, оқу-білім, діни наным, үйлену-некелену формасы жағындағы тың өзгерістер дәлел бола алады. Ұзына тарих бойына сырттан кірген христиан дінін, бұдда дінін, ислам дінін қабылдағанда да қазақ халқы тым қасарысып, ерекше қарсылық көрсеткен жоқ. Өзге халықтармен салыстырғанда, айтылмыш діндерге біздің халқымыз емін-еркін мойын ұсынып, дінімен қосып, оны таратушы елдің мәдениетін де аса жатсынбай қабылдай берді. Бүгінде қазақ халқы жаппай ислам дінін ұстанатын қауым болғанымен, оның исламдық салт-санасында өзіндік ерекшеліктің сақталып отыруы соның айғағы.

Әрине, қазақ мәдениетінде жоғарыдағыдай артықшылықтармен қоса, төмендегідей бірнеше мешеу (отсталый) факторлардың да өмір сүріп отырғаны құпия емес.

Біріншіден, құндылық көзқарасының дамуы тұрғысынан алғанда, қазақ ұлтының дәстүрлі мәдениетінде эконо-

микалық ойлау жүйесі мен қаржылық сана тым төмен болып келді. Есесіне жоғарыда айтқанымыздай бәріне де моральдық өлшеммен пайым жасалды. Сол себепті тұтас ұлтта экономикалық және қаржылық таным жетілмей қалған. Мәселен, баяғыдағы емес, кешегі емес, бүгінгі қазақтан өрісінде жүрген бір тайын «қанша тұрады?», «не үшін?» деп сұрасаңыз ештеңе айтып бере алмайды. Әрі кеткенде алушылар айтатын бағаны маңайлатып бір санды айтады. Өнімнің бағасын алушы емес, өндіруші белгілемей ме?! Біздің қазақ бір құлынды екі жасар жылқы (тай) қатарына қосу үшін қанша еңбек күнін, қанша шығын шығаратынын өмірі есептеп көрген емес. Сондықтан өз өніміне өзі емес, алушысы қожайын. Керісінше, сіз жаңағы жылқышы қазақтың жиені болсаңыз, тайын тегін мінгізіп, оның сыртында иығыңызға шапанын жауып аттандырады. Демек, бүкіл ұлттық өмірлік идеологиясы мен мәдениеті қалыптастырған халықтық психологиясынан алып қарағанда, сауда мен пайданы (қосымша құн) қалыпты этикалық нормаға жатқызбаушылық басым әрі жалпы халықтық мінез. Сол себепті қазақ халқында соңғы жылдарға дейін құн жөніндегі көзқарас, тауар туралы таным мүлде сын көтермейтін жағдайда болып келгенін кімнен жасырайық?! Осы бір келеңсіздіктен тіпті бүгінгі көзі ашық ағайындардың арыла алмай отырғанын кімнен жасырайық. Өзге емес, қолына қалам ұстап жүрген, замана тынысын жақсы біледі дейтін ақын-жазушы, журналистеріміздің өзі бір кезде сауданы жазғырып, ауыл қазағының қалаға келіп базар жағалауын сынап-мінеп қаншама қалам тербеді. Оларды былай жазуға итермелеп отырған «сауда қазаққа қол емес!» дейтін дәстүрлі ұғым. Бұл жағдай жалпы халықтың экономикалық таным жүйесінің жаңаруына, ұлттық әлауқатының өсуіне кесірін тигізіп келген (әлі де тигізіп отырған), сәл қарауға болмайтын құбылыс [9, 213 б.].

Екіншіден, таным, ой-сана жағында

қалыпшылдыққа бой ұру басым. Дамуға деген құлшыныс кем болғандықтан, жоғарыда айтқанымыздай, жаңа өнерге, тың кәсіпке құлшыну жағы жеткіліксіз. Бұл нысай бүгінгі күнгі жаңа ғылыми-теориялық білімдер мен соңғы технологиялық өнерді үйренуге, игеруге кесірін тигізіп отыр. Мәселен, күні кеше біздің қазақ «баласын атбекет, тілмәш болсын» (Абай) деп армандаған болса, бүгін де содан онша өзгере қойған жоқ. Жыл сайын жоғары оқу орнына түсу үшін құжат тапсырған абитуриенттер ішінде заңгер (атбекет) болғысы келетіндер мен тілмәш (шет тілі) болғысы келетіндердің көбі қазақтың баласы. Ал электроника, мұнай, тұрмыстық тұтыну бұйымдарын жасау немесе жөндеу, теле-радио аппаратураларын жасау-жөндеу, басқару, биология, компьютер, IT және нано технологиясы т. б. толып жатқан жаңа кәсіпке, тың мамандыққа қазақ баласының онша барғысы келмейді. Осының кесірінен қазақтың елдік тіршілігінің жаңаруы мен өркендеуі тым баяу болып отыр. Тәуелсіздік жағдайында ол салаларды ақсатуымыз тек өзімізге зиян екенін түсінетін уақыт жеткен сияқты.

Үшіншіден, ойлау жүйесі жағында (мышление), ертеден жалғасып келе жатқан принциптерге, тәңірлік тәлиमतтарға, пайдалану құнын жойған ескі сүрлеуге, заманы өткен құн көзқарасы мен өмір танымына деген ықылас пен оны сақтап қалуға деген ниет күшті болғандықтан, қалыпшылдықты бұзып жаңалық ашуға, ескі шиырды бұзып тың соқпақ салуға, дәстүрді бұзып дамуға... деген құлшыныс, ізденіс жоқтың қасы болып отыр. Осыдан барып қазақ халқының соңғы жылдардағы мәдениетінің дамуы салыстырмалы түрде айтқанда тынық күй кешуде немесе тоқырауға тап болды. Мәселен, қазақтың музыкалық ұлт аспаптары өмір-ұмырында оркестр үшін жаратылмаған. А.Жұбанов пен Н.Тілендиевтердің ізденістерінің арқасында екі бірдей ұлт аспаптар оркестрі өмірге келді.

Әуезовтер эпопеяны өмірге әкелді, драматургияны бір белге шығарып кетті... Ал қазір ше? Ештеңе жоқ. Ескі сүрлеу. Қазақтың әдебиеті де, музыкасы да, биі де, бейнелеу өнері де, қол өнері де... бәрі тынық, тыныш. Демек жаңалыққа ұмтылу, даралыққа ынтызарлық кем. Бұған әрине, «қанағатшылдық» және «дәстүршілдік» атты ұғымдарды дұрыс түсінбеу нысайының кедергі келтіріп отырғанын да жасыра алмасақ керек.

Төртіншіден, жоғарыдағы кенже факторлар тудырып отыратын халық психологиясындағы кертартиптік нысай. Мұнда қазақ халқындағы қарын тойғанға қанағат етушіліктен туған жалқаулық; дамуды азғындық деп санайтын, бауды дүниеқоңыздық деп есептейтін кертартиптік идея; тоғышарлықтан туындаған қызғаншақтық; феодалдық өндірістік қатынастан қалған рушылдық т. б. сияқты дамуға кедергі болып отырған факторлар мен бүгінгі заман талабына үйлесе бермейтін ішкі құрылықтық жабық (тұйық) орта тудырған өзін «аспан астында бірінші» деп санайтын мақтаншақтық пен өз-өзіне қанағаттанушылық. Қала берді, қазақ жастарындағы «ата-ана туған баласын бағып-қағуға, оқытуға, үйлендіруге, жұмыс тауып беруге... міндетті» деп есептейтін ескі түсініктен қалған масылдық психология, өз бетімен өмір сүргіштік рухтың жоқтығы сияқты кемшіліктер де бүгінгі дәуір талабына сай келе бермейтіндігімен көзге ұрады.

Бесіншіден, қазақ ұлтының дәстүрлі мәдениеті халықтық әдебиет пен өнерді өзек етіп дамып, байып отыратындықтан, оны әдетте қазақ мәдениетінің алтын бесігі деп атаймыз. Сол себепті де ұлттық әдебиетіміз бен өнеріміздегі тұлғалардың, әсіресе ақын-жазушылардың, әнші-күйшілердің тарихи орны, қоғамдық беделі аса жоғары болып келгені құпия емес. Яғни, халық тек соларды ғана білді, таныды, құрметтеді. Олай болатын себебі қазақты, соңғы ғасырды есепке алмағанда, өзге іргелі ғылымның иелері жоқтың қасы

еді. Оны аз десеңіз исламның өзінде де осы сөз немесе саз өнерінің иелері қарапайым халық тарапынан барынша құрметке ие жандар екені белгілі. Атап айтқанда, «шайыр тыңдарман жүрегін жаңа уақиғаларды баяндап, бекзат ойымен, дегдар сөзімен жаулап алуы, сезім тасқынын мейлінше аз пайдалануы керек болды. Сөйтіп әдебиет айналадағы алашұбар, сүреңсіздеу өмірдің өзінен ләззат алғыза білетін жаңа дүниенің есігін ашты» [10, 76 б.] осынау тамыры тереңде жатқан тарихи сана бүгінгі күні де қазақ ұлтының өкілдерінде өнерлі-білімді болу тек ақын (әдебиетші), әнші-күйші болу деп түсінетін таным қалыптастырып отырғандықтан, қазіргі қазақ жастарының көбі-ақ әдебиет жағалауға, сахна сағалауға құштар. Әрине, таланты тасып тұрса, оларды кеудесінен кім итерсін?! Өкінішке орай көбісінікі жәй әншейін атақ құмарлық қана. Жастарымызды оған итермелеп отырған жоғарыдағы таным және сол таныммен «қаруланған» олардың ата-анасы.

Алтыншыдан, тәубешілдік сана ырықты орында. Қазақ халқында алдыға қарап талпынудан, озық елге қарап ұмтылудан гөрі өткендегі мешеу күніне, өздерінен нашар жұртқа қарап «шүкіршілік» ету құбылысы басым. Осы бір кербақпа сана қазақ халқының тұтас тұлғалық бойында ғана емес, әрбір мүшесінің бойында да бар. Ол туралы ұлы Абай өзінің «жиырма үшінші сөзінде» жеріне жеткізіп-ақ айтады. Ол мінез бүгінгі қазақта күшеймесе, кеміген жоқ. Әрине шүкіршіліктің де, қанағатшылықтың да ерек жері бар, дей тұрғанмен, мүмкін, пенделерінің адал еңбекпен, тынымсыз ізденіспен бай-бақуатты өмір сүруін Алла тағала да теріс өрмейтін болса керек. Тағы бір мысал, тәуелсіздікке қолымыз жетті, оған әрине, «тәубе! мың шүкір!» Бірақ, енді сол тәуелсіздікті ұстап тұрудың, іргесін бекемдеудің міндеті тұрғанын қалай ұмытуға болады?!

Осындай дамуға кедергі болатын сан алуан факторлар жоғарыда айт-

қанымыздай күні бүгінге дейін қазақ мәдениетінде өмір сүріп отыр. Ал осыларды болғызбаумен бірге, мәдениетіміздегі теңдессіз асыл қазыналарды бағалай білу; өзгенікіне көзсіз шоқынбай, өз құндылықтарымызды дамыту, бүлінгендерін қалпына келтіру; мемлекеттік деңгейде қазақ мәдениетін зерттеу, жүйелеу, саралау, жас ұрпаққаарнап оқулықтар жазу шараларын қолға алу және де мемлекеттік деңгейде қазақ мәдениетін дамытуды кешенді бағдарламасын жасау; сол арқылы қазақ мәдениетінің қазақ елінде салтанат құруына жағдай жасайтын уақыт жетті.

Қорытынды

Қысқасы, қазақ мәдениетін қолдау мен дамыту деген сөз, әсте екі-үш әншіге атақ беріп, бір-екі театрды күрделі жөндеуден өткізу деген сөз емес. Керісінше ең басты міндет - ұлт мәдениетінің сыр-сипатын анықтап, оны қалай дамытудың бағыт-бағдарын айқындап алу болса керек. Үздік мәдениет жетістіктерін саралай отырып қорытып, мәдени ұлттық формада дамыту бүгінгі таңда маңызға ие болып отыр. Қазақ мәдени құндылықтарының үздік тұстары мен мешеу тұстарын саралай отырып, озығын заман талабына қарай оздырып, тозығын тарих қойнауына қалдырып жаңа үлгідегі қазақ мәдениетін қалыптастыруға тиіспіз. Мәдениеттің құрылымы мен функциясының сипаттарына сүйене келе тұжырымдасақ, адамды немесе сол ұлттың мәдениетін қалыптастырып, танымдық функциясы арқылы танымдық деңгейін арттырып, мәдениеттегі реттеушілік әрекеттерін жүзеге асыру барысында басымырақ талаптарды ескере отырып, мәдениеттің қоғамдағы маңызды қызметінің бірі болып саналатын қарым-қатынас, мәдениеттердің өзара сұхбаттасуына ықпалдастық жасасақ. Сол кезде ғана ұрпақтар жалғастығы мәңгілік болмақ!

Әдебиеттер тізімі:

1 Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары: Ғылыми мақалалар жинағы. - Астана, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2015. - 304 б.

2 Сейдімбек А. Шығармалары. Т. 2. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. - Астана, Foliant, 2010. – 816 б.

3 Мырзаалин С., Әлпейісов Ә. Қоғам және мәдениет. - Алматы, Өнер, 1992. - 14 б.

4 Ғабитов Т., Мүтәліпов Ж., Құлсариева А. Мәдениеттану: жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған оқулық. - Алматы, Раритет, 2005. - 416 б.

5 Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. - Алматы, Өнер, 1996. - 79 б.

6 Bankoff, G., Oven, K. From nomadic communitarianism to civil socialism: Searching for the roots of civil society in rural Kazakhstan. Journal of Civil Society. - Volume 15. - Issue 4. - 2019. - P. 373-391.

7 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 3-том. Дәстүр: ұғым мен тәсіл. - Алматы, Жазушы, 2005. – 504 б.

8 Xia Ri Yun, Zhang Er Xun. Cultural geography. - Beijing, Beijing press, 1991. - 577 p.

9 Әкімбеков С.Ә. Экономикалық теория. - Астана, Экономика, 2002. - 478 б.

10 Әлемдік мәдениеттану ой-санасы. Он томдық. 4-том. Мәдениет және ориентализм. - Алматы, Жазушы, 2006. - 496 б.

Transliteration

1 Qazaq handygynyn memlekettik basqaru instituttary: Gylymi maqalalar zhinagy [Institutes of public administration of the

Kazakh Khanate: Collection of scientific articles]. - Astana, Qazaqstan Respublikasy Prezidentinin zhanyndagy Memlekettik basqaru akademijasy, 2015. - 304 b.

2 Sejdimbek A. Shygarmalary. T. 2. Qazaq alemi. Jetnomadeni pajymdau [The Kazakh world. Ethnocultural thinking]. - Astana, Foliant, 2010. – 816 b.

3 Myrzalin S., Alpejiso A. Qogam zhane madeniet [Society and culture]. - Almaty, Oner, 1992. - 14 b.

4 Gabitov T., Mutalipov Zh., Qulsarieva A. Madeniettanu: zhogary oqu oryndary men kolledzh studentterine arналған oqulyq [Cultural Studies: A Textbook for University and College Students]. - Almaty, Raritet, 2005. - 416 b.

5 Nazarbaev N. Gasyrlar togysynda [At the turn of the century]. - Almaty: Oner, 1996. - 79 b.

6 Bankoff, G., Oven, K. From nomadic communitarianism to civil socialism: Searching for the roots of civil society in rural Kazakhstan. Journal of Civil Society. - Volume 15. - Issue 4. - 2019. - P. 373-391.

7 Alemdik madeniettanu oj-sanasy. On tomдық. 3-tom. Dastyr: ugym men tasil [World cultural consciousness. Ten volumes. Volume 3. Tradition: concept and approach]. - Almaty, Zhazushy, 2005. – 504 b.

8 Xia Ri Yun, Zhang Er Xun. Cultural geography. - Beijing, Beijing press, 1991. - 577 p.

9 Akimbekov S.A. Jekonomikalyq teorija [Economic theory]. - Astana, Jekonomika, 2002. - 478 b.

10 Alemdik madeniettanu oj-sanasy. On tomдық. 4-tom. Madeniet zhane orientalizm [Thought of world cultural studies. Ten volumes. Volume 4 Culture and Orientalism]. - Almaty, Zhazushy, 2006. - 496 b.

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Дүкен Мәсімханұлы

Филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының директоры, Алматы, Қазақстан

Айнур Әбиденқызы

PhD докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Дүкен Мәсімханұлы

доктор филологических наук, профессор, директор Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, Алматы, Казахстан

Айнур Әбиденқызы

PhD докторант, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Duken Masimkhanuly

Doctor of Philology, Professor, Director of the Institute of Oriental studies named after R. B. Suleimenov.

Ainur Abidenkyzy

PhD student, L.N. Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan